**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектеп**

**кітапханашының**

**жылдық есебі.**

**2023-2024 оқу жылы**

Мектеп кітапханашы: Талтакаева Динара Касымовна

оқу жылға мектеп кітапхананың жұмыс талдауы.

Кітапхананың мекен жайы: Өзен ауылы, Комсомольская 4 көшесі

Жұмыс кестесі:дүйсенбі- жұма.

Оқырмандармен жұмыс уақыты: 11.00-13.00, 14.00-16.00 .

Оқырмандар саны: 100

**Негізгі мақсаты:**
Оқушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиеттерді оқуға үйрету арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету.

**Міндеттері:**Білім жүйесін реформалау міндеттеріне сәйкес кітапхана ақпарат қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

Нормативтік әдістемелік қамтамасыз ету.

Кітапхана қызметіне сәйкес заң актілері бойынша қорындылар әзірлеу.

Кітапхана қызметін ұйымдастыру.

Есеп құжаттарын толтыруды, толықтылығы мен жүйелігін қалыптастыру.

Әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды окулықтармен толық қамтамасыз ету.

Кітап корын, оқулықтарды өз дәрежесінде сақтай отырып, толықтыру.

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100% ті оқулықпен қамтамасыз етілді.

| **СЫНЫП** | **ОҚУШЫ** | **ҚАМТАМАСЫЛ ЕТІЛДІ** |
|---|---|---|
| 0 сынып | 12 | 100% |
| 1 сынып | 9 | 100% |
| 2 сынып | 9 | 100% |
| 3 сынып | 7 | 100% |
| 4 сынып | 10 | 100% |
| 5 сынып | 8 | 100% |
| 6 сынып | 6 | 100% |
| 7сынып | 8 | 100% |
| 8 сынып | 6 | 100% |
| 9 сынып | 9 | 100% |
| 10 сынып | 4 | 100% |

| | | |
|---|---|---|
| 11 сынып | 5 | 100% |
| **Барлығы** | **93** | **100%** |

Қордың саны – 2 425дана

Оның ішінде мектеп оқулықтары –1 190дана

Әдеби кітаптар 1 235дана

Оқырмандар саны 100

Қазақ тіліндегі кітаптар саны 907 дана

Орыс тіліндегі кітаптар саны 311 дана

Басқа тілде 11 дана

Электронды оқулықтар – 27 дана

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылардың 100% оқулықпен қамтамасыз етілді.

| | 2023-2024 оқу жылы |
|---|---|
| Оқулықтармен қамтамен қамтамасыз ету | 100% |
| 1-4 сыныптар | 100% |
| 5-9 сыныптап | 100% |
| 10-11 сыныптар | 100% |

Балалардың кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру біздің міндетіміз.

1-4 сынып оқушылары барлығы кітапхана оқырмандары болып саналады. Бұл оқырмандарымыз балаларға арналған әдеби кітаптарды көп оқиды, соның ішінде ертегілерді қызығып оқиды, оқыған кітаптары туралы ой бөліседі.

5-8 сынып оқырмандары тарихи, хайуандар ,спорт туралы кітаптарға сұраныс көп алады, әдеби кітаптарды оқиды, энциклопедиялар, сөздіктер пайдаланады.

9-11 сынып оқырмандары көбінесе сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар пайдаланып оқиды, әдеби кітаптарды мектеп бағдарламасы бойынша оқиды.

## МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫНА САЯХАТ

**Мақсаты**: Балаларды мектеп кітапханасымен, кітаптармен, кітапханашымен таныстыру; кітапханашымен сұхбаттасу; оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту; ой-өрісін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту; ұқыптылыққа, тазалыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Мектеп табалдырығын аттаған 1 сынып оқушылары мектеп кітапханасына саяхат жасады. Кітапханашымен танысты.Балалар ұқыпты, қаз-қатар тізбектеле тұрған кітаптарға қызыға қарады. Кітапханашы бүлдіршіндерді

ертегі кітаптармен, мектеп оқулықтармен, түрлі энциклопедиямен таныстырды. Әңгіме барысында кітапты таза, ұқыпты ұстау керектігіне, кітап беттерін таза ұстауға балалардың назарын аударды. Балалар кітапханадағы мол кітапқа қызыға қарап, кітапті ұқыпты, таза ұстауға уәде берді. Балалар алған әсерлері туралы бір-бірімен бөлісті.




**Қыркүйек айында кітап көрмесі 165 жылдығы Шәкәрім Құдайбердіұлының**



**Қазан айында кітап көрмесі 355 жылдығы Бұқар жырау Қалқаманұлының**




**Республика күні қарсаңында "Туған жерім, мен сені мәңгілік сүйіп өтемін!" атты дәстүрлі кітап көрмесі**



**Мақсаты:** өскелең ұрпақты туған жерін сүюге баули отырып, туған ауыл туралы білімдерін қалыптастыру, тарихымен таныстыру, жергілікті ақын-жазушылармен, белгілі тұлғалармен таныстыру, өлкемізге деген махаббаттарын ояту.

**ҚР Ұлттық валютасы күніне арналған көрме**



**Мақсаты:** Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрді ұстану және мемлекеттік рәміздерді құрметтеу. Оқушыларға әлемдік қоғамдастықтағы ҚР Ұлттық валютасының рөлі мен орнын анықтауға көмектесу.

**Дүниежүзілік спидке қарсы күніне орай "Біз спидке қарсымыз!" көрме өткізілді.**




**Мақсаты:** оқушыларға СПИД туралы мәлімет беру, оларға жұқпалы ауру не екенін түсіндіріп, сақтандыру шараларымен таныстыру. Достық сезімге, сыйластыққа, қиындыққа түскен адамға қол ұшын созуға тәрбиелеу.

**16 желтоқсан ҚР-ның тәуелсіздік мерекесіне арналған «Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» атты кітап көрмесі**



**Мақсаты:** ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау.

**«Кітап таңдай білесің бе?»**




https://www.instagram.com/reel/C2RRGxQIw35/?igsh=NDZ4YmI3NThoNTVp

**Ауған соғысының 35 жыл толуына арналған көрме**




**14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні**

https://www.instagram.com/reel/C3UEV_gIHbg/?igsh=cHVzOHAwd3Vubm54

**Армысыз, Әз –Наурыз!Мерекелік шара**

https://www.instagram.com/p/C4r9pINMzCv/?igsh=MXhhM2Q0M2d1aGNybQ==

**2- сәуір Халықаралық балалар кітап күні**

https://www.instagram.com/p/C5Q9kxBMyCF/?igsh=NTBlanFoMzNyMGl3

**Ғарышкерлер күні –көрмесін жасау**

https://www.instagram.com/p/C5pstdusi2K/?igsh=djhua3l6cXNmNHZ6

**Қорытынды.**

Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу –тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру. Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу басты жұмысым деп саналады.